

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҰЕВА А., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

Б.К. КАЖЫТАЙ 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: k_azhytay@mail.ru)

***АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «ТУАЖАТ» РОМАНЫНДАҒЫ ОКСЮМОРОНДЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілінің көркемдік қызметі жан-жақты талданады. Автор туындысында қарама-қайшы мағыналы сөздерден құралған тіркестер арқылы кейіпкердің ішкі жан әлемін, оның қайшылықты болмысын, сондай-ақ қоғамдағы рухани дағдарысты терең де әсерлі жеткізе білген. Зерттеу барысында оксюморон ұғымының әдеби-теориялық негіздері, антонимдік құрылымдардың рөлі, көркемдік-поэтикалық қызметі талданып, әлем және қазақ әдебиетіндегі оксюморонды қолданудың ерекшеліктері қарастырылды.

Мақалада «тамұққа түскен сәуле», «өлі тыныштық», «тірі тұлып» тәрізді тіркестерге мәтіндік, семантикалық және прагматикалық талдау жасалып, олардың символдық мәні мен стилистикалық қуаты ашылады. Бұл тіркестер арқылы автор кейіпкердің ішкі арпалысын, рухани күйзелісін, жатсынуын, өмір мен өлім, жарық пен түнек арасындағы күресін шебер жеткізеді. Оксюморон тәсілі романның идеялық мазмұнын тереңдетіп, кейіпкер психологиясын даралауға үлкен үлес қосады.

Зерттеу барысында оксюморон тек стилистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге көркем мәтіннің астарлы, философиялық, мәдени кодтарын жеткізетін құрал ретінде қарастырылады. Авторлық қолданыстарда оксюморон кейіпкердің ішкі күйін айшықтап, қоғамдағы кереғарлықтарды көркемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Асқар Алтай романына тән оксюморондар поэтикалық тәсіл ғана емес, тұтас шығарманың метафоралық құрылымын құрайтын өзекті элементтер ретінде қызмет атқарады.

Түйін сөздер: оксюморондық бейнелеу, Асқар Алтай, қазақ әдебиеті, оксюморон, контраст

Кіріспе. Қазіргі қазақ қоғамындағы адамдардың жан дүние толғаныстарын бейнелеген туындылардың бірі – Асқар Алтайдың «Туажат» романы. Жазушы Асқар Алтай – тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасына өзіндік өрнек қосқан қаламгердің бірі. «Туажат» романы алғаш 2012 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген, Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарға арналған шығарма. Роман мәтінінде мифологиялық мотивтер мен архетиптік образдар кең пайдаланылғаны байқалады – бас кейіпкер Байбураның жанында бөрі-ана рухы үнемі бірге жүреді [1]. «Туажат» атауының өзі көне туыстық ұғымнан алынған: «туажат – туыстық қатынас жағынан бір атаның баласы саналғанымен, одан кейінгі ұрпақтардың іргесі бөлініп, туыстық қарым-қатынасы алшақтай бастайды» [2]. Туажат ұғымы қазақ түсінігінде адамның алтыншы ұрпағы, демек, ата-бабасына туыстығы алыстаған ұрпақ, сондықтан туажат ұрпақ – өзінің алтыншы немесе жетінші аталары үшін

** Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР25795955 «Қазіргі проза жанрындағы оксюморондық бейнелеуді жасанды интеллект негізінде талдау» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

туыстығынан гөрі бөгде деп саналады. Бұл атау романда адамның атасы тұрмақ өзінің туған әке-шешесі мен бірге туған туыстарынан қарым-қатынасы алыстаған, өзінен басқаны мойындамайтын, жақын тартпайтын эгоистік сананы бейнелеген туынды. Демек, қоғамда адамдардың бір-біріне жат болып бара жатқан бөгде болмысын меңзейді. Автордың айтуынша, «қазір бүкіл қоғам туа жат, ұлттардың өзі бір-біріне бөтен» және ол осы туажат қоғамдағы адамдардың жан дүниесін көрсетуді мақсат еткен [3]. Роман мазмұнында қоғам мен тұлға, өмір мен өлім, ғасырлық дәстүр мен заман мұраты арасындағы кереғарлықтар көркем бейнеленген.

Шығарма мазмұнында кейіпкерлердің бөлек болмысын суреттеуде, ішкі психологиялық қайшылықтарын жеткізуде жазушы түрлі стилистикалық тәсілдерді қолданады. Солардың бірі – оксюморон, яғни мағынасы бір-біріне қарама-қайшы сөздерді бір тіркесте ұштастыра қолданып, заман келбетін, адам табиғатын анық ашатын бейнелеу құралы. Мысалы, әдеби тілде «тірі өлік» (өлі-тірі), «қатал бейіш», «жақсы өлім» сияқты сөз тіркестері оксюморонға жатады. Мұндай қайшылықты ұғымдарды біріккен мағынада қолдану нәтижесінде туындайтын ерекшелік әлем әдебиетінде ежелден белгілі құбылыс. Классикалық шығармалардан бастап қазіргі заманғы әдебиетке дейін оксюморон поэтикада кең орын алып келгені туралы ғылыми еңбектерде жан-жақты айтылған. В.В. Виноградов XX ғасырда оксюморонды стилистикалық құбылыс ретінде ғылыми айналымға енгізіп, оны «заттар мен құбылыстардың сипаттарын айқындаушы жаңа символ» деп анықтаған [4, 385]. Л.Н. Тимофеев А. Блок поэзиясын талдай отырып, контрастық бейнелеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде оксюморонның тілдегі қарама-қарсылықты біртұтас концепт ретінде беру қасиетіне ерекше тоқталған [5]. Сонымен қатар Л.А. Введенская оксюморонды «логикалық ойлау тұрғысынан бір-біріне сай келмейтін сөздердің тіркесуі арқылы пайда болатын ең тиімді көркем құралдардың бірі» деп есептейді [6, 128]. Яғни, оксюморон құрамдас бөліктерінің мағынасы қарама-қайшы болғанымен, оларды синтаксистік бірлік етіп біріктіру нәтижесінде тұтас тіркес жаңа астарлы ұғым береді. Осы қасиетімен оксюморонды кейде «қарама-қайшылықтың тұтастығы» деп атайтыны да бар.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілдерін талдауда әдебиеттанулық сипаттағы сапалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы сипаттамалық (дескриптивті), контекстуалдық, интерпретациялық және құрылымдық-семантикалық талдау тәсілдері арқылы жүргізілді. Бұл әдістер оксюморондық тіркестердің мәтіндегі қызметін, олардың стилистикалық ерекшеліктері мен идеялық-мағыналық мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Алдымен, оксюморон ұғымының теориялық-методологиялық негіздері анықталып, отандық және шетелдік әдебиеттану ғылымындағы пайымдаулар жүйеленді. Бұл ретте В.В. Виноградовтың «Анна Ахматованың поэзиясы туралы (стилистикалық эскиздер)», Л.Н. Тимофеев пен С.В. Тураевтың «Краткий словарь литературоведческих терминов», Л.А. Введенскаяның «Стилистические фигуры, основанные на антонимах», В.И. Карасиктің «Оксюморон в языковом сознании и коммуникативной практике» және Н.С. Садинованың «Оксюморон as a method of poetic perception of the world» еңбектері ғылыми-теориялық негіз ретінде басшылыққа алынды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ әдебиеттануында оксюморон құбылысына назар аударған еңбектер жоқтың қасы. ХХІ ғасырдың соңғы онжылдығында көркем мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне мән бере бастағандықтан, оксюморондық бейнелеуге мән беріле бастады. Десек те, кейбір мақалаларда сөз болғанымен, зерттеле қоймағанын айтуға тиіспіз. Қазақтың көркем әдебиеті тілінде, фольклорлық шығармаларда оксюморондық өрнектер ертеден кездесетіні белгілі. Сол сияқты көнеден жеткен қанатты сөздерде де ұшырасады: Алтын Орда дәуірінің ақыны Құтып «Ұқпаған – өлік, түсінген – тірі» деп атап көрсеткен екен [7]. Осы мысалдарда «тірі өлік» тіркесінің адам баласы тіршілігінің мәнін ашатын терең маңызға ие ұғымдар екенін байқаймыз.

Оксюморондар кейде әдеби шығармалардың атауларында да тұрақты орын алғанын байқауға болады. Мәселен, орыс әдебиетінде Н.В. Гогольдің «Өлі жандар»,

Л.Н. Толстойдың «Тірі өлік», В. Вишневскийдің «Оптимистік трагедия», М. Әуезовтың «Сөніп-жану», Ж. Шаштайұлының «Қызыл қар», Т. Нұрмағамбетовтың «Періштелердің өлімі», Т. Ахметжанның «О дүниенің қонағы» сияқты туындыларының атауы кереғар мәнді сөздерден құралған оксюморондар. Бұлардың барлығы туындының идеясын аша түсетін оксюморондық бейнелеу тәсілі ретінде қызмет етеді.

Жалпы, оксюморонды қолданудың әдеби функционалдық мәні зор. Ғалымдардың тұжырымдауынша, оксюморон көркем мәтінде эмоциялық-мағыналық реңкті күшейтуге мүмкіндік береді. Қарама-қарсы құбылыстарды түйістіре отырып, автор оқырман назарын адам мінезіндегі өзгешелікті, қоғамдағы орын алған оқиғаларда ерекше шиеленіске, тосын жағдайға аударуға мүмкіндік береді. Оксюморон арқылы кейіпкер болмысының екіұдай мінезі немесе оқиға желісінде суреттелген жағдайдың шарықтау шегі айқындала түседі. Біз Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы осындай оксюморондық бейнелеудің нақты көріністерін талдап, олардың шығарманың тақырыптық-идеялық маңызын ашудағы үлесін қарастырамыз.

Оксюморон – стилистикалық тәсіл ретінде көркем мәтінде бір құбылысты бейнелеудегі қарама-қайшылыққа негізделген ерекше құбылыс. Екі немесе одан да көп мағынасы қайшы сөздерді бір тіркесімде жұмсау арқылы пайда болатын бұл әдіс тілде дайын тұрақты тіркес түрінде де, авторлық жаңа қолданыс түрінде де көрінуі мүмкін. Оксюморон көркем мәтінде көбіне эпитет, теңеу түрінде қысқа сөз тіркесі деңгейінде құралады, бірақ кей жағдайда тұтас бір күрделі сөйлем түрінде де кездеседі. Мағыналық тұрғыдан алғанда оксюморонды құрайтын компоненттер бір-біріне қарама-қайшы болғанымен, олардың қосындысынан туатын негізгі түсінігі жаңа сападағы астарлы мағынаға ие болады.

Оксюморонның көркем шығармадағы қызметі – экспрессивтілікті арттыру, эмоционалды әсерлілік пен қарсылықты бояу арқылы бейнелеу. Контрастіліктің өнердегі рөлі туралы Л.Н. Тимофеев А. Блок поэзиясын талдай келе, ақын шығармашылығындағы басты ерекшелік әлемді қарама-қарсы құбылыстар арқылы поэтикалық игеруінде деп атап өтеді [5, 149]. Сол сияқты кез келген әдеби мәтінде қарама-қарсы ұғымдарды шендестіру идеялық-мазмұндық қатпарларды тереңдетудің бір жолы саналады. Қазақ әдебиеттанушылары да «кейде сөз шеберлері қарама-қарсы ұғымдарды қатар синтаксистік тіркеске түсіріп, оксюморон жасау үшін антонимдерді қолданады. Бұл әдіс көркем әдебиетте айтпақ ойды нақтылап, әсерлі ашуға көмектеседі» деп тұжырым жасаған. Демек, оксюморон – шындықтағы қайшылықты құбылысты тіл арқылы біртұтас образ ретінде танытуға мүмкіндік беретін өте тиімді тәсілдің бірі.

«Оқырман назарын негізгі идеяға аудару – оксюморонның риторикалық құрал ретіндегі басты міндеттерінің бірі», - екенін зерттеуші С.А. Qasim нақты атап өтеді [8]. Бұл – мәтіндегі қарама-қарсы ұғымдар арқылы оқыrmанды селт еткізіп, астарлы мағынаны ой елегінен өткізуге итермелейтін көркемдік тәсілдің прагматикалық қуатын дәлелдейді. «Оксюморондарды түсіну дәстүрлі мағыналар мен шындық арасындағы байланыстар жүйесін қайта қарауды талап етеді» – деп жазады А.А. Черненко [9, 258]. Бұл тұжырым арқылы автор оксюморонды қабылдау барысында оқырман үйреншікті логикалық және семантикалық қатынастардан бас тартып, бейнелі, астарлы деңгейде ойлауға мәжбүр болатынын көрсетеді.

«Оксюморон – мағыналық жарылыс іспеттес, қарама-қарсы ұғымдардың сығымдалған бірлігі, оны интерпретациялау көп жағдайда ашық символдық сипатқа ие» [10, 122]. В.И. Карасиктің бұл тұжырымында оксюморонның тек қарама-қайшылық тудырушы емес, сонымен қатар мағына мен символға айналдырушы қызметі айқындалады. Жазушылар оксюморонды көбіне бейнелеп отырған құбылыстың немесе кейіпкер жағдайының күрделілігін, драматизмін көрсету мақсатында пайдаланады. Көркем проза мәтінінде оксюморондық бейнелеудің эмоциялық-экспрессивтік әсері ерекше көрінеді, өйткені қарама-қайшы ұғымдардың бірлігі оқыrmанды әрі таңғалдырып, әрі ойландырып, кейіпкердің психологиялық күйін терең түсінуге жетелейді. Асқар Алтайдың «Туажат»

романында да автор осындай оксюморондық әдістерді орынды қолданып, шығарма идеясын ашуға атсалысқан.

Оксюморон – поэтикалық мәтінде кейіпкердің ішкі әлемін көркем түрде бейнелеудің әсерлі құралы ретінде сипатталады. Бұл тәсіл арқылы ақын немесе жазушы адамның психологиясын, өзге адамдармен қарым-қатынасын және өмір шындығына қатысты көзқарасын көркем бейнеде ұсынуға мүмкіндік алады. Зерттеуші Н.С. Садинова бұл туралы: «Through oxymoron, the writer draws a picture of the human psyche, creates unique poetic images that stand at opposite points, reflects the various subtle relationships between people, absorbs the contradictory views of reality into the spirit of the work» – деп тұжырымдайды [11, 340]. Бұл пікір оксюморонды тек тілдік немесе стилистикалық құбылыс ретінде емес, адамның рухани болмысын танытатын көркемдік құрал ретінде бағалауға негіз береді.

Асқар Алтай «Туажат» романында кейіпкерлердің жан дүниесіндегі тартысты, айнала әлемнің қасаң халін суреттеу үшін бірқатар оксюморондық бейнелеулерді шебер пайдаланған. Солардың ішіндегі ең алғаш көзге түсетіні – романдағы қосалқы атау іспетті берілген «Тамұққа түскен сәуле» тіркесі. Автор осы фраза арқылы шығарма мазмұнының аңдатпасын жасап отырғандай. «Тамұққа түскен сәуле» – тозақ отына түскен жарық, яғни түнекке енген нұр, қараңғылық құшағындағы сәуле. Мағынасы қарама-қайшы бұл екі ұғымды біріктіру арқылы қаламгер бүкіл шығармаға өзек болатын негізгі идеялық конфликті – жарық пен түнектің бітіспес күресін меңзейді. Романның басындағы эпиграфында да Інжілден «Если виновен народ, значит виновен я» деген, яғни «халқым кінәлі болса, мен де кінәлімін» деген түсінік арқылы қоғамдағы орын алған әділетсіздік, тұрақсыздық сипатталады. Әрі қарай Гётеден «Все, что вышло из-под моего пера, стало быть, лишь фрагменты одной и той же нескончаемой исповеди...» деген жолдар берілуі де бекер емес. Осындай философиялық-мифологиялық астармен басталған романдағы «тамұққа түскен сәуле» оксюморондық бейнелеу бас кейіпкер Байбураның болмысын танытады. Байбура – желтоқсан оқиғасына қатысып, ауыр жарақаттан аман қалған, кейін Ауған соғысын бастан кешкен күрделі тағдырлы жан. Ол кеңес дәуірінің соңғы кезеңінде «жат жерге кетіп, жат жұртта жүріп» тұл болып қалған, өзі туған қоғамына бөтенсініп қайтқан қайғылы кейіпкер. Жазушы оны шартты түрде «Туажат» деп атайды. Туажат – туа сала жаны жат, туысқа бөтен адам. Осы бейне арқылы қаламгер өзі өмір сүрген тамұқ қоғамның адамдық болмысты жатсынтып, рухани құлдырауға ұшыратқанын көрсетеді. Романда Байбура бейнесі бір жағынан тозақ отына түсіп жанған, қайғы-қасіретімен шыңдалған жан ретінде сипатталса, екінші жағынан ол бойындағы адамдық сәулені сөндірмей алып шығуға тырысқан қайраткер ретінде көрінеді. Демек, «тамұққа түскен сәуле» тіркесі өмір тозаққа айналған замандағы кейіпкерді метафоралық тұрғыда танытатын оксюморондық символ іспетті. Бұл образ романда бірнеше рет әр түрлі жаңа қырынан танылып отырады: бірде Байбураның түсінде көктен түскен Бөрі-Ана бейнесі оны «ажал бұғалығынан алып қалар» құтқарушы сәуле түрінде көрінсе, енді бірде қараңғылық түнек кеулеген әлемді жарып өтер көк мұнарлы боз сәуле ретінде елестейді. Осындай «жарық сәуле – түнек дүние» антонимдік жұбы шығарманың түпкі идеясымен үндес басты лейтмотив ретінде қолданылған.

Романда кездесетін тағы бір оксюморондық қолданыс – «өлі тыныштық» тіркесі. Байбураның Алтай тауындағы орман ішінде егерье жолығып, панта сорпасын ішіп тыныстап алған сәтінен кейінгі табиғат суретінде түнгі орманның ерекше күңгірт күйі бейнеленеді: «Айнала орман да қалғұлы. Дүниені өлі тыныштық билегендей. Осы бір өлі әлемге тігілген сансыз шырақтай жұлдыздар ғана жамырай жылтылдайды». Мұнда автор түнгі табиғат тынысын «өлі тыныштық» деп сипаттау арқылы мүлгіген тау ішінің тылсым сәтін әсерлі жеткізген. Өлі тыныштық – дыбыс атаулы жоғалған абсолютті тыныштық күйі. Қазақ тілінде бұл тіркес тіршіліктің нышаны жоқ, өлі әлем деген мағынада қолданылады, яғни метафоралық тұрақты тіркес дәрежесіндегі оксюморон екенін аңғарамыз. Шығармада аталған тіркеспен қатар «өлі әлем», «мәйіттей сірі» деген сөз қолданыстары да қоғамдағы тіршіліктен бейхабар, меңіреу қалпын айқындай түседі. Өлілер әлемінде тыныштық

болмайтыны туралы діни аңыздар, ертегілер өте көп. Сондықтан, тыныштық сөзі өлгендер үшін қолданылатын ұғым емес.

«Үш тәулік бойы ақ түтек боран соғып, қалың қар басқан тау ішіндегі қоршаған дүние тып-тыныш мүлгі қалған. Осы бір сәтте жапан түздегі жалғыз адам – Байбураның да жан дүниесін өлі тыныштық жайлағандай». Автор табиғаттың тылсым бейнесін кейіпкердің ішкі күйімен астастыра суреттеп, оқырманды ерекше эмоциялық әсерде қалдырады. «Өлі тыныштық» оксюморондық эпитеті бір жағынан табиғаттағы тіршіліктің тоқтап қалуын нақты елестетуге көмектессе, екінші жағынан шығарманың психологиялық ахуалын күшейтіп тұр. Қараңғы түн, өлі тыныштық, жапан дала – бұл детальдар Байбураның жанын жайлаған жалғыздық пен тіршіліктен түңілу сарынын аңғартады. Оксюморонның дәл осындай қызметі туралы В.В. Виноградов: «Оксюморонды құрайтын сөздердің бірігуінен туындайтын мағынада эмоционалдық реңк күшейетінін», - айтқан болатын. Шынында да, «өлі» және «тыныштық» сөздері жеке тұрғанда бір-біріне қайшы емес, бірақ біріге келе ерекше күшейтпелі мәндегі бейнелі ұғымды білдіреді. Романда «өлі тыныштық» арқылы бейнеленген сәттегі сурет оқырманды алда болатын тосын оқиғаға алдын ала дайындайды: бұл тыныштық – қауіпті бұрқаныстың алдындағы өлі тыныштық. Шығарма композициясында осы бір баяу тыныш эпизодтан соң оқиға қайта шиеленіседі де, Байбураның Рахман көліне аттануы мен финалдық тартысы басталады.

Романда кейіпкердің өз аузынан айтылатын ең ауыр әрі әсерлі оксюморондық тіркес – «тірі тұлып». Бұл сөзді Байбура монолог түрінде жан серігі Мария-Агатаға өз халін түсіндіру барысында қолданады. Шет жерден Қазақстанға оралған Байбура айналасындағы өзгерістерді көріп күйзеледі. Ел тәуелсіздік алғанымен, өзі күткен әділ қоғам орнамағанын өз көзімен көреді. Алтай тауындағы аңшылық барысында ол өткен өмірін қайта саралап, өзін үлкен қайғылы қателіктің куәсіндей сезінеді. Осы сәтте Байбура: «Жатжанды болып алыппыз. Сонда не үшін тірі жүрміз деген ой келеді маған, Мария?! Тірі тұлыппыз... Тұлып», – деп жан айқайын жайып салады. Тірі тұлып – жансыз киім, ішіне жан бітпеген қуыс дене деген мағынаны білдіретін оксюморондық тіркес. Қазақ тілінде «тұлып» сөзі көбіне «тірі тұлып» түрінде фразеологизм құрамында кездеседі. Мағынасы – сүйегі тірі, бірақ жансыз кеуде, яғни еш қарекетсіз құр сұлдері ғана жүрген адам. Байбура дәл осылай өз замандастарына да, өзіне де ащы сынмен қарайды: күрескерлік рухтан айырылған, әділет үшін күреспек түгілі енді қара басының қамынан аса алмаған жуас жандарға тірі тұлып ретінде қарайды. Бұл арада жанды және жансыз «тірі тұлып» қарама-қайшы ұғымдары тіркесіп келіп, сырт көзге тірі көрінгенмен, іс жүзінде дәрменсіз, өлікпен тең адам халін бейнелейді. Байбураның құр сұлбасы қалуына не себеп болды? Шығармада оның өмір жолына шолу жасасақ, кешегі советтік жүйенің құрбаны болған жастардың бірі екенін көреміз. Желтоқсан көтерілісі кезінде ол алаңда басын қатерге тігіп, жанын шүберекке түйіп шыққан «мыңжылдық сарбаз». Ерлік пен азапты қатар кешіп, тәні шынжырланғанмен жаны азат қалған ол сол күйі 20 жылға жуық жат жерде көшіп-қонып жүреді. Еліне оралғанда оны ешкім құшақ жая қарсы алмайды, түсінбейді, тіпті құжат жасатып, аты-жөнін өзгертуіне тура келеді. Міне, осы қоғамның тасбауырлығы, жақынның жаттығы ауыр күйзеліс тудырып, жүрегінің ыстық жалынын суытып жіберген. Байбура өзін шын мәнінде тірі өлік сезінеді – тіршілігі бар, бірақ қызығы жоқ өмірді сүріп жүргенін түсінеді. Автор осы күйді дәл жеткізу үшін оқырман санасында бұрыннан қалыптасқан «тірі тұлып» ұғымын сәтті пайдаланады. Оның семантикасы жоғарыда айтқанымыздай, тұлғаның рухани өлімімен пара-пар тіршілік иесін көрсету. Бұл тұста шығармадағы «тірі тұлыппыз» деген ауыр сөз тек Байбураның жеке басына ғана емес, тұтас ұлттың сол кездегі жағдайына да қаратылып айтылғандай әсер береді. Өйткені көпшілік тәуелсіздік туралы сенімінен айырылып, алданышпен өмір сүріп келгенін қаламгер тірі тұлып күй кешкен қоғам мен құр сұлдері қалған Байбураның ойлары арқылы алға тартады. Байбура монологынан кейін Мария-Агата оның бұл торығып, өмірден түңілген күйін тоқтатпақ болып жұбата келе, Байбураның соғыссыз өмірде өз орнын таба алмай қиналып жүргенін сезінеді. Байбура бейбіт өмірдің тыныш күйіне шыдай алмай, қайтадан мазасыз күреске

аттануды жөн көреді. Роман финалында оның экстремистік ұйымның жасақшыларына қарсы шайқасқа кіріп кетуі де осы тірі тұлып кейпінен құтылуға ұмтылысы іспеттес. Сөйтіп, шығармада «тірі тұлып» оксюмороны кейіпкер санасындағы тоқырауды ғана емес, оның кейінгі әрекетінің психологиялық себебін де аңғартатын маңызды детальға айналған. Жоғарыда талданған оксюморондық тіркестерден бөлек, романда сирек те болса өзекжарды ойды өткірлей түсетін кейіпкердің психологиялық ерекшелігін ашатын қарама-қайшы бейнелеулер кездеседі. Мәселен, Байбураның мінезіне қатысты «соғысудан басқа мақсат жоқ, соғыста өлсең де арман жоқ» дейтін ұраны арқылы оның өмірлік ұстанымы айқындалады. Бұл жолдардағы «соғыссыз күн жоқ» тәрізді сөз тіркестері де бейбіт өмір мен соғыс ұғымдарын шендестіре келе, кейіпкер мінезінің ерекше болмысын аңғартады. Сондай-ақ, автор кеңес заманында әділет іздеген жастардың кейінгі мүшкіл халін сипаттау үшін «жатты жақын тұтып, жақынды жат санау» сияқты астарлы тіркестерді қолданады. Романда «Құдіретолла – ажал-пенде» деп аталатын зұлым кейіпкер бар. Ажал-пенде – өлім және адам, яғни ажал кейіпіндегі пенде деген мағынадағы оксюморондық эпитет. Бұл тіркес арқылы автор жауыздың адамгершілік кейіпінен жұрдай, тек адам жанын алатын, өлім сепкіш құбыжық екенін бір-ақ сөзбен түйіндейді. Жалпы, романдағы мұндай мысалдар жиі кездеседі. Бірақ, ана тілінен безінген, маңайына қайырымсыз, жері мен еліне туажат ұрпақ туралы автор позициясын «тамұққа түскен сәуле», «өлі тыныштық», «тірі тұлып», «ажал-пенде» тіркестері төңірегіндегі оксюморондық бейнелеуге топтастыруға болады. Өйткені басқа да қолданыстар осы үлкен оксюморондық бейнелерді толықтырып, солармен мағыналық өріс құрап тұр. Бірінде өмір отқа теңелсе, бірінде өлім тыныштыққа теңелген, ал енді бірінде тірі жан жансыз, құр сұлба түрінде бейнеленіп, жинақтала келе романның идеялық өзегіндегі өмір мен өлім диалектикасын көрсетеді. Әрі осындай кереғар ұғымдарды шебер қиыстыру нәтижесінде туындайтын көркем айшықтар адам жанының терең қатпарындағы жасырын сыры мен күрделі қоғам өмірінен хабар береді.

«Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік ізденісінде жеке тұлғаның ішкі арпалысы, қоғамнан жаттану, рухани күйзеліс, мифологиялық және символдық бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылып келеді. Жаңа заман кейіпкері – санасы ояу, бірақ қоғамда өз орнын таба алмай сеңделген тұлға» [12, 27]. Бұл тұжырым Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы Байбура бейнесімен толық үндеседі. Романдағы оксюморондық тіркестер – «тірі тұлып», «өлі тыныштық» сияқты бейнелеулер дәл осы ішкі дағдарысты, қоғамнан алшақтаған тұлғаның болмысын нақты әрі әсерлі жеткізеді. Темірболат атап көрсеткен «символдық тәсілдер» оксюморон арқылы көркемдік тұрғыдан тереңдей түседі.

Нәтижелер. Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі шығарма идеясын ашуда және авторлық позицияны танытуда елеулі қызмет атқарады. Зерттеу барысында анықталғандай, автор тілінде оксюморондық тіркестерді қолдану жиі ұшыраспаса да, сирек кездесетін әрбір оксюморон романда айрықша маңызға ие. Оксюморондар кейіпкер психологиясын, қоғамның ахуалын, табиғат пен тағдыр контрастын дәл әрі әсерлі бейнелеуге мүмкіндік береді. Мәселен, «тамұққа түскен сәуле» образы арқылы жазушы тартысты заманға тап болған басты кейіпкерінің болмысын символикалық түрде көрсетті; бұл образ шығармада жарық пен қараңғылықтың мәңгі бітпес күресін бейнелейтін астарлы мотив ретінде өрбиді. Ал «өлі тыныштық» секілді оксюморондық эпитет қоршаған ортаның көңіл-күйін сездіріп, оқиға өрбуіндегі үрейлі тыныштықты елестетеді; табиғаттағы қасаң тыныштық арқылы кейіпкер жанындағы тоқырау мен жалғыздық күйі берілген. Сондай-ақ, «тірі тұлып» тәрізді образды тіркес кейіпкердің ішкі рухани өлімі мен қоғамға деген күйінішін сипаттайды; физикалық тұрғыда тірі жүргенімен, мақсаты мен мұраты өшкен жанның трагедиясын ашып көрсетеді.

Романдағы оксюморондық сөз қолданыстары негізінен өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, жарық пен түнек арасындағы философиялық қайшылықты паш етеді. Байбура болмысы соғыстан кейінгі бейбіт өмірдің азапты тіршілігінен «тірі тұлыпқа» айналған күрделі бейне. Оның басынан өткен оқиғалар тізбегі (алау отты алаң, қанды соғыс, түнек қоғам) тұтас қазақ қоғамының қилы кезеңінен өткен қатерлі соқпағын аңғартады.

Осыны автор кейіпкер монологы мен суреттеулері арқылы жеткізгенде, оксюморонды өте тиімді тәсіл ретінде пайдалана білген. Оксюморонды қолдану романның стильдік реңкін айқындап, көркемдік қуатын арттырып тұр. Контрастілі бейнелер шығармадағы тартысты күшейтіп, оқырманды катарсис сезіміне бөлейді. Асқар Алтайдың қаламына тән модернистік әдіс, мифологиялық символизммен астасқан астарлы тіл оксюморондық тәсілмен үндесе келіп, «Туажат» романының қазақ әдебиетіндегі өзіндік құндылығын еселей түседі.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі қазақ прозасындағы кейіпкер табиғатын ашатын көркемдік ізденістердің бір қыры ретінде ерекше назар аудартады. Оксюморон арқылы автор заман шындығын, оның қайшылыққа толы болмысын шебер ашып көрсеткен. Кейіпкердің жан күйзелісі мен қоғамның рухани дағдарысы сияқты ауыр тақырыптар қарама-қайшы ұғымдарды тұтастыра суреттеу нәтижесінде оқырманға ықпалды жетеді. Бұл тәсіл романның идеясын тереңдетіп, мазмұнын байыта түскен. Демек, Асқар Алтай шығармашылығындағы оксюморондық көркемдеу әдісі әдебиеттану тұрғысынан маңызды талдау нысаны бола алады және қазақ әдеби тілінің экспрессивтік мүмкіндіктерін саралап-зерделеуге қосқан үлесі де айтарлықтай.

Әдебиеттер

1. Алтай А. «Туажат»: роман // Жұлдыз журналы, 2012. – №1.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
3. Демесінова Л. А. Алтайдың «Туажат» романындағы бөрі архетип образы DOI: https://adebiportal.kz/kz/news/view/aaltaidyn-tuazat-romanyndagy-bori-arhetip-obrazy_24800.
4. Виноградов В.В. Анна Ахматованың поэзиясы туралы (стилистикалық эскиздер). Таңдамалы еңбектер. Орыс әдебиетінің поэтикасы. – М.: Наука, 1976. – 511 б.
5. Тимофеев Л.И., Тураев С.В. Краткий словарь литературоведческих терминов. 2-е изд., дораб. [текст] – М.: Просвещение, 1985. – 312 с.
6. Введенская Л.А. Стилистические фигуры, основанные на антонимах // Учебные записки Курского и Белгородского пед. ин-тов. Краткие очерки по русскому языку. – Т. XXV. – Вып. 2. – Курск, 1966.
7. Али-заде А.А.Құтып // Ислам энциклопедиялық сөздігі. – М.: Аңсар, 2007. – 243 б.
8. Qasim S.A. Multi Pragmatic Analysis of Oxymoron in Isha Jalan Photographs. International Journal of Formal Sciences: Current and Future Research Trends. Al-Mustansiriyyah: University of Al-Mustansiriyyah- College of Arts-Iraq. Vol. 15. – №1 (2022) / URL: https://ijfscfrtjournal.isrra.org/index.php/Formal_Sciences_Journal/article/view/744/69.
9. Черненко, А. А. Проблемы понимания оксюморона // Русский язык: система и функционирование: сб. материалов IV Междунар. науч. конф., г. Минск, 5–6 мая 2009 г. : в 2 ч. / редкол.: И. С. Ровдо (отв. ред.) [и др.]. – Минск : РИВШ, 2009. – Ч. 1. – С. 258–261.
10. Карасик, В. И. Оксюморон в языковом сознании и коммуникативной практике // Социальные и гуманитарные знания. 2022. Т. 8, №1. – С. 114–123.
11. Sadinova, N. S. (2020). Oxymoron as a method of poetic perception of the world. Journal of Critical Reviews, 7(7), 340–344. DOI: <https://doi.org/10.31838/jcr.07.07.55>.
12. Темірболат А.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму ерекшеліктері // Керуен ғылыми журналы. – 2023. – №1. – Б. 24–38.

Б.К. КАЖЫТАЙ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

ОКСЮМОРОН КАК ПРИЕМ ИЗОБРАЖЕНИЯ В РОМАНЕ АСКАРА АЛТАЯ «ТУАЖАТ»

Аннотация. В статье рассматривается использование оксюморона в романе «Туажат» Аскара Алтая. Автор посредством оксюморонных словосочетаний глубоко и выразительно раскрывает внутренний мир героя, его психологическую раздвоенность, а также духовный кризис в обществе. В исследовании анализируются литературно-теоретические основы оксюморона, его стилистическая и семантическая роль, а также особенности функционирования в казахской и мировой литературе.

На основе текстов произведения проведён структурно-семантический анализ таких оксюморонных выражений, как «свет, упавший в ад», «мёртвая тишина», «живое чучело». Эти образы используются для художественного выражения конфликта между жизнью и смертью, светом и тьмой, традицией и современной реальностью. Оксюморон как стилистический приём выполняет не только экспрессивную, но и символическую функцию в построении образа героя и художественной концепции романа.

Результаты исследования показывают, что оксюморон в романе «Туажат» служит не просто художественным средством, а глубоко метафорическим элементом, отражающим противоречивость времени и человеческой природы. Он усиливает эмоциональное восприятие текста, выявляет философскую глубину авторского замысла.

Ключевые слова: оксюморонное изображение, Аскар Алтай, казахская литература, оксюморон, контраст.

В.К. KAZHYTAY

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

OXYMORONIC IMAGERY IN ASKAR ALTAY'S NOVEL «TUAZHAT»

Annotation. This article explores the use of oxymoronic imagery in Tuazhat, a novel by one of the leading voices in contemporary Kazakh prose, Askar Altay. Through paradoxical word combinations that juxtapose conflicting meanings, the author effectively reveals the protagonist's inner turmoil, psychological complexity, and the broader spiritual crisis pervading society. The study discusses the literary and theoretical foundations of the oxymoron and examines its stylistic and semantic functions in both Kazakh and world literature.

Key oxymoronic expressions such as “a light fallen into hell,” “dead silence,” and “living carcass” are analyzed for their symbolic and compositional value. These expressions help convey the central tensions of the novel—life and death, light and darkness, tradition and modernity. As a stylistic device, oxymoron serves not only to intensify emotional resonance but also to highlight deep philosophical and symbolic layers of meaning.

The findings demonstrate that oxymoron in Tuazhat is more than a rhetorical figure; it is a powerful metaphorical tool that reflects the contradictions of the era and the complexity of human experience. It enhances the emotional impact of the narrative and deepens the novel's conceptual and thematic structure.

Key words: oxymoronic imagery, Askar Altay, Kazakh literature, oxymoron, contrast.

References

1. Altai A. «Tuajat»: roman // «Jüldyz» jurnaly, 2012. – №1.
2. Qazaq әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Qұrast.: M. Malmaqov, Q. Esenova, B. Hinaiat және т.б. – Almaty, 2011. – 800 b.
3. Demesinova L.A. Altaidyñ «Tuajat» romanındaғы bõri arhetip obrazy DOI: https://adebiportal.kz/kz/news/view/aaltaidyn-tuazat-romanyndagy-bori-arxetip-obrazy_24800.
4. Vinogradov V.V. Anna Ahmatovanyñ poeziasy turaly (stilistikalyq eskizder). Tañdamaly eñbekter. Orys әдебиетінің poetikasy. – M.: Nauka, 1976. – 511 b.
5. Timofeev L.İ., Turaev S.V. «Kratki slovär literaturovedcheskih terminov». 2-e izd., dorab. – M.: Prosveşenie, 1985. – 312 s.
6. Vvedenskaia L.A. Stilisticheskie figury, osnovannye na antonimah // Uchebnye zapiski Kurskogo i Belgorodskogo ped. in-tov. Kratkie ocherki po ruskomu iazyku. – T. XXV. – Vyp. 2. – Kursk, 1966.
7. Ali-zade A.A. Qūtyp // İslam ensiklopedialyq sözdıgı. – M.: Añsar, 2007. – 243 b.
8. Qasim S.A. 2023. Multi Pragmatic Analysis of Oxymoron in Isha Jalan Photographs. International Journal of Formal Sciences: Current and Future Research Trends. Al-Mustansiriyah: University of Al-Mustansiriyah- College of Arts-Iraq
9. Chernenko, A. A. Problemy ponimania oksūmorona // Ruski iazyk: sistema i funkcionirovanie : sb. materialov IV Mejdunar. nauch. konf., g. Minsk, 5–6 maia 2009 g. : v 2 ch. / redkol. : İ. S. Rovdo (otv. red.) [i dr.]. – Minsk : RİVŞ, 2009. – Ch. 1. – S. 258–261.
10. Karasik, V. İ. Oksūmoron v iazykovom soznanii i komunikativnoi praktike // Sosiälnye i gumanitarnye znania. 2022. T. 8, №1. – S. 114–123.
11. Sadinova, N. S. (2020). Oxymoron as a method of poetic perception of the world. Journal of Critical Reviews, 7(7), 340–344. DOI: <https://doi.org/10.31838/jcr.07.07.55>.
12. Temırbolat A.B. Täuelsızdık kezeñindegi qazaq prozasynyñ damu erekşelikteri // Keruen ğylymi jurnaly. – 2023. – №1. – B. 24–38.

Автор жайлы мәлімет:

Кажытай Балнур Кызырбекқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, Астана, Қазақстан.

Кажытай Балнур Кызырбековна – постдокторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан.

Kazhytay Balnur Kizirbekovna – Postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.